

## **Облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 84 "Ақтөбе облысының аумағында жануарларды асырау Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы мәслихатының 2020 жылғы 5 маусымдағы № 530 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 маусымда № 7186 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 406-бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-2-тармағына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 84 "Ақтөбе облысының аумағында жануарларды асырау Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5237 тіркелген, 2017 жылғы 1 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақтөбе облысының елді мекендерінде ауыл шаруашылығы жануарларын асырау Қағидаларын бекіту туралы";

шешімнің 1 тармағында "Ақтөбе облысының аумағында жануарларды асырау Қағидалары" сөздері "Ақтөбе облысының елді мекендерінде ауыл шаруашылығы жануарларын асырау Қағидалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген шешіммен бекітілген Ақтөбе облысының аумағында жануарларды асырау Қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*

*К. Кенжебаев*

*С. Калдыгулова*

Облыстық мәслихаттың 2020 жылғы 5  
маусымдағы № 530 шешіміне қосымша  
Облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 12  
желтоқсандағы № 84 шешімімен бекітілген

## **Ақтөбе облысының елді мекендерінде ауыл шаруашылығы жануарларын асырау Қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ақтөбе облысының елді мекендерінде ауыл шаруашылығы жануарларын асырау қағидалары (бұдан әрі-Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 16-02/701 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10183 тіркелген, Жануарларды қарау қағидаларына сәйкес әзірленді және Ақтөбе облысының елді мекендерінде ауыл шаруашылығы жануарларын асырауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Қағидалар меншік нысанына қарамастан, ауыл шаруашылығы жануарларын асырайтын барлық жеке және заңды тұлғаларға таралады.

3. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы жануарлары - адамдар өсіретін, ауыл шаруашылығы өндірісімен тікелей байланысты жануарлардың, құстардың, балықтардың және аралардың барлық түрлері;

2) ветеринариялық паспорт – уәкілетті орган белгілеген нысандағы құжат, онда: жануарларды есепке алу мақсатында жануарлардың иесі, түрі, жынысы, түсі, жасы көрсетіледі;

3) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорға ауыл шаруашылығы жануары туралы мәліметтерді енгізе отырып және ветеринариялық паспортты бере отырып, бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) пайдалану, таңбалау арқылы жануарларға жеке нөмір беруді қамтитын, жануарларды есепке алу рәсімі;

4) ветеринариялық іс-шаралар – жануарлар ауруларының профилактикасын, оларды емдеуді немесе диагностикасын қоса алғанда, олардың пайда болуын, таралуын болғызбауға немесе оларды жоюға; жануарлар мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін аса қауіпті аурулар жұқтырған жануарларды залалсыздандыруға (зарарсыздандыруға), алып қоюға және жоюға; жануарлардың өнімділігін арттыруға; жануарлар мен адамның денсаулығын жұқпалы, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау мақсатында, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қоса алғанда, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, жемшөп және жемшөп қоспаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған эпизоотияға қарсы, ветеринариялық-санитариялық рәсімдер кешені.

## **2. Ауыл шаруашылығы жануарларын асырау тәртібі**

4. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11124 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 237 "Өнеркәсіптік объектілерді санитарлық қорғау аймағын құруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды бекіту туралы" бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес және нысандар мен өндірістің қауіптілік класына байланысты ауыл шаруашылығы жануарларын тұрғын үйлерден, пәтерлерден, мектептерден, емдеу және балалар мекемелерінен, саябақтардан, хайуанаттар бақтарынан, стадиондардан, қоғамдық тамақтану, сауда, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарынан, көпшілік демалыс орындарынан, балаларды сауықтыру лагерлерінен, демалыс үйлерінен, шипажайлардан, жасанды су қоймаларынан, артезиан құдықтарынан және өзен жағалауы мен оның салаларынан қашықтықта орналасқан арнайы жабдықталған (жабық) орындарда асырау керек.

5. Ветеринариялық-санитариялық ережелерді сақтау барысында жеке аулаларда ауыл шаруашылығы жануарларын арнайы жабдықталған орындарда асырауға жол беріледі.

6. Қаланың, ауданның және ауылдық округтердің тұрғын үй қорының пәтерлерінде (көп пәтерлі тұрғын үйлер) ауыл шаруашылығы жануарларын асырауға жол берілмейді.

7. Ауыл шаруашылығы жануарларын ұстаудың міндетті шарты аса қауіпті ауруларға қарсы вакцинациялау, тұрғылықты мекен-жайға қарасты ветеринариялық емханаларда диагностикалық зерттеуден өткізу болып табылады.

8. Барлық жағдайда ауыл шаруашылығының жануарлар иелері науқастанған жағдайда немесе ауру байқалған сәтте ветеринариялық мекемеге хабарласып, зерттеу нәтижелері бойынша маманның нұсқауын мүлтіксіз сақтауы қажет.

9. Санитарлық, су қорғау аймақтарында, ауыл шаруашылығы жерлерінде, басқа да қоғамдық көпшілік пайдаланатын орындарда қараусыз жүрген ауыл шаруашылығы жануарлары, қараусыз болып есептеледі және аудан, облыстық маңызы бар қала әкімімен айқындалған, уақытша асырау үшін арнайы жабдықталған орынға иесі анықталғанға дейін қамалуы тиіс.

10. Егер жануарлардың меншік иесінің тұрған жері белгісіз болса, жануарларды ұстап алған адам осындай жануарларды ұстап алған кезден бастап үш күннен кешіктірмей табылған жануарлар туралы меншік иесін іздестіру шараларын қабылдайтын, ішкі істер органдарына немесе аудан, облыстық маңызы бар қала әкіміне мәлімдейді.

11. Жануарлардың меншік иесін іздестіру кезеңінде, жануарлар, оларды ұстап алған адамның өзінің бағуында және пайдалануында қалдырылуы, немесе арнайы жабдықталған орындарға уақытша тапсырылуы мүмкін.

12. Егер жұмыс малы мен ірі қараны ұстап алғаны туралы мәлімделген кезден бастап алты ай ішінде және басқа үй жануарлары жөнінде - екі ай ішінде олардың

меншік иесі табылмаса және оларға өзінің құқығы туралы мәлімдемесе, бұл жануарларға меншік құқығы жануарларды баққан және пайдаланған адамға көшеді. Бұл адам бағуында болған жануарларды меншігіне алудан бас тартқан жағдайда, олар коммуналдық меншікке түседі.

13. Жануарлар басқа адамның меншігіне көшкеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген ретте, ұстап алынған қараусыз жануарларды иелеріне қайтару тәртібі және иелерінің жауапкершілігі Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 246-бабымен анықталады.

14. Ауыл шаруашылығы және асыл тұқымды жануарларын молықтырумен, өсірумен, көбейтумен, асыраумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар:

- 1) ауыл шаруашылығы жануарларын уақытылы бірдейлендіруді;
- 2) ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы жануарларына уақытылы вакцина егуді және диагностикадан өткізуді;
- 3) оның түріне, жасына және физиологиясына сәйкес жануарлардың денсаулығына, әл-ауқатына қамқорлықты және пайдалануды;
- 4) айналадағы адамдардың және жануарлардың, сондай-ақ жануарлардың зиян келтіруінен мүліктің қауіпсіздігін;
- 5) ауыл шаруашылығы жануарларымен көлік жолдарының жанынан және одан өту кезінде олардың мінез-құлқын тікелей бақылау арқылы жол қозғалысы қауіпсіздігін сақтауды;
- 6) санитариялық-гигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) нормалар мен қағидалардың талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді.

15. Ауыл шаруашылығы жануарларының иелері:

- 1) ауыл шаруашылығы жануарлары ауруларының алдын алуды және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды сақтай отыра, ветеринариялық және әкімшілік-шаруашылық іс-шараларды жүзеге асыруы;
- 2) ауыл шаруашылығы жануарларын асырауды, өсіруді және пайдалануды ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар мен ветеринариялық нормативтерге сәйкес жүзеге асыруы;
- 3) қоршаған ортаның ластануына жол бермей, аумақты, мал шаруашылығы жайларын, сондай-ақ жемшөпті, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтауға және өңдеуге арналған ғимараттарды, аумақтарды ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар мен ветеринариялық нормативтерге сәйкес ұстауы;
- 4) асыраумен, өсірумен, пайдаланумен, өндірумен, дайындаумен (союмен), сақтаумен, өңдеу және өткізумен, сондай-ақ орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдаумен (орнын ауыстыруға) байланысты, мемлекеттік

ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, қайта жаңғырту және пайдалануға беру кезінде ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды сақтауы;

5) ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына:

жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені туралы;

өлген, бірнеше ауыл шаруашылығы жануарлары бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарлауы және ауруға күдіктену кезінде ауыл шаруашылығы жануарларын ветеринария саласындағы мамандар келгенге дейін оқшаулап асырауға шаралар қабылдауы;

6) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді ветеринариялық тексеру үшін мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларға, мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлерге кедергісіз беруі;

7) мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспекторлардың актілерін орындауы;

8) союдың алдында ветеринариялық тексеру жүргізбей ауыл шаруашылығы жануарларын өткізу үшін союға және сойғаннан кейін ұшалары мен мүшелеріне ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай өткізуге жол бермеуі;

9) ауыл шаруашылығы жануарларын карантиндеуді жүргізуі қажет.

16. Кеміргіштермен күрес бойынша алдын алу іс-шаралары кеміргіштердің жемшөп, тіршілік ету және көбею орындарына жетуіне кедергі келтіретін жағдайлар жасаудан тұрады.

17. Ауыл шаруашылығы жануарларын асырау қызметі процесінде пайда болатын биологиялық қалдықтар жойылады немесе зарарсыздандыру (көң, төсеніш материалдары, жемшөп қалдықтары), зарарсыздандырылған қалдықтарды (ветеринариялық конфискаттар, жануарларды сойғаннан қалған қалдықтар) мал көміндісіне (биотермиялық шұңқырға) тастау, жемшөптік мақсаттарға кәдеге жарату немесе жағу арқылы кәдеге жарату нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11003 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі №16-07/3076 "Биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату, жою қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

18. Ауыл шаруашылығы жануарларын белгіленбеген орындарда және ветеринариялық құжаттарсыз сатуға тыйым салынады. Ауыл шаруашылығы жануарларын өткізу нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

10131 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 16-04/679 "Жануарларды өткізу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

### **3. Қорытынды ережелер**

19. Облыстың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы мен оның орынбасарлары және облыстың, қаланың және ауданның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары осы Қағидалардың сақталуын бақылауды және шаралар қолдануды өз құзыреттері шегінде жүзеге асырады.

20. Осы Қағидаларды бұзғаны үшін, ауыл шаруашылығы жануарының иесі Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне сәйкес жауаптылықта болады.

21. Осы Қағидамен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.